



Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ





Инклюзивті білім беруді дамыту

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті инклюзивті білім беруді дамытуға және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін тең мүмкіндіктер жасауға ерекше көңіл бөледі. 2025 жылы университет «Инклюзия Болашақ Атырау» қоғамдық бірлестігімен және «Зейін-Атырау» ерекше балаларды дамыту орталығымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Келісім инклюзивті білім беру саласындағы мамандарды даярлауды, студенттердің оқу және өндірістік практикасын ұйымдастыруды, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуді және кәсіби тәжірибе алмасуды көздейді.

Ынтымақтастық инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруға және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауға бағытталған.



Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Ғылым онкүндігі аясында университетте «Инклюзивті білім беру және қоғам: әдіснама, зерттеулер, тәжірибе» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференция жұмысына Қазақстан, Канада, АҚШ және Түркия ғалымдары, білім беру органдарының өкілдері, университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты.

Конференция барысында инклюзивті білім беруді дамытудың заманауи халықаралық тәсілдері, әлемдік озық тәжірибелер және сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған бірлескен зерттеулердің нәтижелері талқыланды.

Халықаралық ынтымақтастықты дамытуға ORHUN бағдарламасы аясында ұйымдастырылған Өзбекстан Республикасының Қоқан мемлекеттік университеті доцентінің қонақ дәрісі де үлес қосты. Дәріс инклюзивті білім берудің заманауи тәсілдері мен педагогтерді даярлаудағы халықаралық тәжірибеге арналды.





Инклюзивті білім беру саласындағы кәсіби құзыреттерді арттыру



Университетте оқытушылардың инклюзивті білім беру мәселелері бойынша біліктілігін арттыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі. 2026 жылы «Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу әдістемесі» тақырыбында 72 сағаттық курс ұйымдастырылды.

Курс қатысушылары инклюзивті білім берудің заманауи модельдерін, мемлекеттік саясат пен халықаралық стандарттарды зерделеп, сондай-ақ көру, есту, сөйлеу қабілеттері бұзылған, тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары және психикалық дамуы тежелген білім алушыларды сүйемелдеудің практикалық әдістерін меңгерді.

Алынған білім қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыруға және ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді оқыту сапасын арттыруға ықпал етеді.



Мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік интеграциясы

Университеттің маңызды ғылыми жобаларының бірі — экономика кафедрасында жүзеге асырылған «Мүмкіндігі шектеулі адамдарды еңбек нарығына интеграциялаудың экономикалық әсері» атты зерттеу.

Жоба мүгедектігі бар адамдарды еңбек нарығына интеграциялаудың әлеуметтік және экономикалық салдарын зерттеуге, олардың кәсіби әлеуетін ашуға және жұмыспен қамту саласында тең мүмкіндіктер қағидаттарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Зерттеу нәтижелері әлеуметтік инклюзия деңгейін арттыруға, еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға және әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға бағытталған.

Жоғары білімге тең қолжетімділік



Атырау университеті «Қазақстан халқына» қоғамдық қорымен бірлесіп, әлеуметтік қолдауды қажет ететін жастарға бағытталған білім беру гранттары бағдарламасын жүзеге асыруда.

2025–2026 оқу жылында университетке аз қамтылған отбасылардан шыққан, ауылдық елді мекендерде тұратын талапкерлерге, жетім балаларға, мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан жастарға, сондай-ақ 2022 жылғы Қаңтар оқиғалары салдарынан зардап шеккен отбасылардың балаларына арналған 15 білім беру гранты бөлінді.

Бағдарлама жоғары білім алуға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге және әлеуметтік теңсіздікті азайтуға ықпал етеді.



Негізгі нәтижелер

Есептік кезеңде университет:

- инклюзивті білім беру саласында қызмет атқаратын ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейтті;
- инклюзивті білім беру мәселелері бойынша халықаралық конференция ұйымдастырды;
- оқытушылардың біліктілігін арттыру бағдарламасын жүзеге асырды;
- мүгедектігі бар адамдарды еңбек нарығына интеграциялау бойынша ғылыми зерттеу жүргізді;
- білім беру гранттары арқылы әлеуметтік осал санаттағы студенттерге қолдау көрсетті;
- үздіксіз білім беруді дамытуға және білім беру ресурстарына қолжетімділікті кеңейтуге ықпал етті.



ТДМ 10-ҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДЕГІ БОЛАШАҚ ҚАДАМДАР

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті теңсіздікті азайтуға және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған бастамаларды одан әрі дамытуды жоспарлап отыр.

Басым бағыттар:

- инклюзивті білім беру саласындағы ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейту;
- халықаралық жобалар мен ғылыми зерттеулерді дамыту;
- педагогтерді даярлау жүйесін жетілдіру;
- студенттерді әлеуметтік қолдау бағдарламаларын кеңейту;
- азаматтардың барлық санаттары үшін сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- университетте инклюзивті мәдениетті одан әрі дамыту.

